

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК

Қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы

Күні: 11 қаңтар 2025 жыл

Өткізілген орны: Гимназия мәжіліс залы

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы – Лямов Данияр Гизатоллаевич

Кеңес мүшелері:

Свешников К., Матжанова Г.Ж., Кайркулова А.Е., Кинжеева А.К., Жумахметова А.Т.,
Аңшыбау Ғ.Ш., Хамзина Г.М., Сургучева Е.В., Давлетова А.К., Жумабаев К.Ж.,
Коптлеуов Н.Б., Берлібек Д.Л., Пудикова А.Д.

Күн тәртібі:

1. Бірінші жарты жылдық бойынша оқушылардың үлгерім сапасы туралы.
2. Мектеп асханасына бракераждық комиссиямен бірлескен тексеріс жүргізу мәселесі.
3. Мектепшілік іс-шараға атсалысу.
4. «Ата-аналарды қолдау» орталығының сабақтарына қатысу.
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іс-шараларына қатысу.

Тыңдалды:

Э.А.Алпамысова-оқу ісі жөніндегі орынбасары оқушылардың бірінші жарты жылдық үлгерімі туралы есеп беріп, білім сапасын арттыру бағытындағы іс-шаралармен таныстырды. Ол гимназия оқушыларының бірінші жарты жылдықтағы оқу үлгерімі мен білім сапасы туралы егжей-тегжейлі есеп берді. Есеп барысында пәндер бойынша білім сапасының пайыздық көрсеткіштері, сыныптар арасындағы үлгерім деңгейлері, сондай-ақ оқу үлгеріміне әсер ететін негізгі факторлар талқыланды.

Э.А. Алпамысова білім сапасын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан және алдағы уақытта іске асырылатын іс-шаралармен таныстырды:

оқу процесінде саралап, деңгейлеп оқыту тәсілдерін күшейту;

пән мұғалімдеріне оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, қосымша сабақтар ұйымдастыруды ұсыну;

білім сапасы төмен сыныптармен әдістемелік көмек көрсету бағытында жұмыс топтарын құру;

дарынды және қабілетті оқушылармен жүйелі түрде олимпиадалық дайындық жұмыстарын жүргізу;

ата-аналармен кері байланыс орнату арқылы оқу мотивациясын арттыруға бағытталған шараларды қолға алу. Оқу ісі жөніндегі орынбасары сондай-ақ оқу сапасына қатысты талдау нәтижелерін қамқоршылық кеңес мүшелерінің назарларына ұсынып, олардың ұсыныстарын қабылдады.

Сөз алды: Кинжеева А.К -кеңес мүшесі мектеп асханасының санитарлық жағдайын, тағам сапасын бақылау мақсатында бракераждық комиссиямен бірге тексеріс жүргізудің маңыздылығын атап өтті. Мектеп асханасының санитарлық жағдайын, тағам сапасын жүйелі түрде бақылау мақсатында бракераждық комиссиямен бірлескен тексеріс жүргізудің маңыздылығын атап өтті. Ол оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі – ең

басты назарда болуы керектігін айтып, тамақтану сапасын қадағалау тек комиссия мүшелерінің ғана емес, ата-аналар мен қамқоршылық кеңестің де ортақ жауапкершілігі екенін ерекше көрсетті. Кинжеева А.К. мектеп асханасындағы тамақ өнімдерінің сақталу мерзіміне, аспазшылардың санитарлық талаптарды сақтауына, ас мәзірінің теңгерімділігі мен балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне назар аудару қажеттігін ұсынды. Сонымен қатар, оқушылар мен ата-аналардан тамақ сапасына қатысты пікір жинау, кері байланыс парақтарын енгізу туралы ұсыныс білдірді.

Сөз алды: Н.Ғ.Аюпова- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектепшілік мерекелік іс-шараға ата-аналар мен қамқоршылық кеңес мүшелерін белсенді қатысуға шақырды. «Ата-аналарды қолдау» орталығы бойынша ата-аналарға арналған семинарлар мен ашық сабақтарға қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуы туралы ұсыныс білдірді. Тәрбие бағыты бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұйымдастырылып жатқан іс-шаралармен таныстырды.


Қаулы қабылданды:

1. Бірінші жарты жылдық үлгерім нәтижелерін ескере отырып, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу.
2. Наурыз айында мектеп асханасына жоспарлы түрде бракераждық тексеріс жүргізу.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жаңа жылдық іс-шараға белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
4. «Ата-аналарды қолдау» орталығы өткізетін сабақтарға кеңес мүшелерінің қатысуын ұйымдастыру.
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша мектепшілік іс-шараларға атсалысу.

Кеңес төрайымы:

 А.З.Кайржанова

Хатшы:

 Л.М.Садыковва

